



ТҰРҒЫН ҮЙ САЛАСЫНА РЕФОРМА КЕРЕК



Елімізде тұрғын үй саясаты туралы жаңа заң қабылдануы керек. Жаңа құжатта құрылыстың барлық қыры, яғни, тұрғын үй пайдалану және оны жаңғырту, баспанаға мұқтаждарды әлеуметтік қолдау, қаржылық құралдар, цифрлық тетіктер түгел қамтылуы тиіс.

(Жалғасы 3-бетте)

ШЫҒЫС Өңірінің ӨРЕЛІ ЗАҢГЕРІ

Заң саласында ұзақ жылдар қызмет етіп, бұл күндері мәртебелі ел ағасы атанған, бейнетінің зейнетін көріп отырған ардагер судьялардың қоғамнан алатын орнын мемлекеттің даму белестерімен қатар қойсақ қате болмас. Қалай болғанда да үлкен жауапкершілік жүгін арқалап жүрген заң адамы елінің қандай да бір дүбірлі тарихи кезеңдерінен, тарихымызда таңбаланып, айшықталып қалатын шақтардан сырт қалуы мүмкін емес. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – Сансызбек Ілиясұлы да заң адамы ретінде қоғамның ең алдыңғы сапынан көрінген сыралғы жан. Оның үстіне, ол қатардағы емес, еліміздің ең жауапты заң құқығы салаларында биік мәртебелі жетекші заңгерлік қызмет атқарған беделді тұлға.

Міне, осындай тұғырлы, биік мәртебелі заңгерлеріміздің қатарына бүгінгі күндері сексеннің сегіріне салықалы сабырлықпен, нық сеніммен көтеріліп отырған Сансызбай Ілиясұлы Райымбаевтай қадірменді ел ағасы, ардагер заңгерімізді мақтанышпен жатқызатынымыз анық.

Жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек

Өз басым Сансызбек Ілиясұлы ағамызбен тонның ішкі бауындай жақын араластым десем жалған болар, бірақ іс барысында ара-тұра кездесіп, азды-көпті азаматтық істеріне куә болып, жан-жағына шуақ төгіп жүретін ықпалды да ұлағатты, білікті де беделді заңгерлігіне көзімді жеткізіп, тәнті болып, сыйлап жүретінмін. Етене жақын болмасақ та, сол аз ұшырасулардың өзінде ол кісі ағалық ілтипаттан, мен кішілік ізет-құрметімнен жаңылмай, арамызда көзге шалынбас нәзік жіптермен байланысып жатқан сыйластық орнады.

(Жалғасы 5-бетте)

«ШАПАҒАТ» ЖАҢА ӨНЕРТАПҚЫШТАРДЫ АНЫҚТАДЫ

«Шапағат» республикалық байқауы – 2004 жылдан бері өткізіліп келе жатқан еліміздегі инновацияны және зияткерлік меншік мәдениетін ілгерілететін маңызды шара. Биылғы байқаудың жеңімпаздары жақында салтанатты түрде марапатталды.

Рәсімнің ресми ашылуында ҚР Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев жаңашыл ойлау әр кезеңде технологиялық дамудың қозғаушы күші болғанын, ал өнертапқыштарды қолдау елдің тұрақты инновациялық прогресі үшін маңызды шарт екенін атап өтті.

Байқауға тәжірибелі ғалымдар мен жас зерттеушілердің түрлі бағыттағы әзірлеген жобалары ұсынылды. Қазылар алқасы жү-



мыстарды жаңашылдығы, экономикалық жағынан пайдасы, қолдану деңгейі және коммерцияландыру мүмкіндігі бойынша бағалады.

Жеңімпаздар алты номинация бойынша анықталды – «Жылдың өнертабысы», «Әйел-өнертапқыш», «Үздік инновациялық компания», «Ең белсенді өнертапқыш», «Жас өнертапқыш», «Жас дарын». Сондай-ақ еліміздің инновациялық ортасына елеулі үлес қосқан авторларға «Қазақстанның еңбек сіңірген өнертапқышы» атағы табысталды. Сонымен қатар маңызды сәттердің бірі үздік қазақстандық өнертапқыштар Еуразиялық патент ведомствосының «Болашаққа көзқарас» медалімен марапатталды.

Рәсімге халықаралық ұйымдар, мемлекеттік органдар, шетелдік патент ведомстволары, бизнес және ғылыми қауымдастық өкілдері қатысты. Бұл Қазақстанның инновациялық әлеуетіне халықаралық қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ
АСТАНА



Отандас ғалымдар
бас қосты



Табиғатқа келген залалды
толтыру қиын



Детектив –
күрмеуі
қиын,
күрделі
жанр

ШАРА

ПРОКУРАТУРА –
АЗАМАТТАР ҚҰҚЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ



Заманауи прокуратура өзіне тән талдамалық ресурстарға және қазіргі заманғы технологияларға ие. Сала жұмысына жасанды интеллект элементтері белсенді енгізілуде. Бұл құралдар құқықбұзушылықтарды нақты уақыт режимінде анықтап, олардың алдын алуға және «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілетуге мүмкіндік береді. Отандық прокуратурада тынымсыз еңбек етіп жүрген қызметкерлер жақында кәсіби мерекесін атап өтті.

Осыған орай Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасында салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Жиында Бас прокурор Берік Асыл

ов әріптестерін құттықтап, прокуратура органдарының заңдылықты қамтамасыз етудегі маңызды рөлін атап өтіп, қызметкерлерге адалдығы мен жанқиярлығы үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ прокурорларға қоғам өмірінің барлық салаларында азаматтардың құқықтарына кепіл-

дікті одан әрі күшейту жөніндегі міндеттің маңыздылығын еске салды.

Қадағалау органы ардагерлеріне арнаған сөзінде Бас прокурор: «Сіздер дайын заңдар да, қалыптасқан жүйе де, заманауи техникалық жарақтандыру да болмаған кезеңде саланың бастауында тұрдыңыздар. Барлығын нөлден бастап жасап, кадрларды қалыптастырып, прокурорлық мектептің негізін қаладыңыздар. Заңға қызмет етудегі сіздердің үлгілеріңіз – біздің моральдық тірегіміз әрі болашақ жетістіктерге жетелейтін ынтамыз», – деп атап өтті.

Сөзінің соңында Берік Асыл

ов ұжым мен ардагерлерге құқықтық тәртіпті нығайтуға қосқан үлестері үшін шынайы алғысын білдіріп, барлығына денсаулық, табыс, ұзақ ғұмыр және отбасылық амандық тіледі.

Кәсіби мерекеге орай Бас прокурордың бұйрығымен бірқатар прокуратура органдарының қызметкерлері мінсіз қызметі мен қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны үшін арнайы марапатқа ие болды.

Бас прокуратураның
баспасөз қызметі

ФОРУМ

ОТАНДАС ҒАЛЫМДАР
БАС ҚОСТЫ

Астанадағы Назарбаев университетінде әлемнің түкпір-түкпірінде жүрген қазақ ғалымдарының басын біріктіруге бақытталған алғашқы «Отандас ғалымдар форумы» өтті. Оған ұйытқы болған – ҚР Сыртқы істер министрлігі мен Отандастар қоры болды.

Форумның пленарлық сессиясында 12 елден келген 40-тан астам ғалым мен жүзден астам сарапшылар: жасанды интеллект пен кванттық технологиялар; ядролық энергетика; медицинадағы озық технологиялар; жасыл энергетика; дәстүрлі жайылым шаруашылығы мен агроинновациялар; биометрия және когнитивті ғалымдар; фото қартаяуға қарсы биотехнология; әлеуметтік және психикалық денсаулық; ауыл шаруашылығындағы IoT шешімдері; балалар мен жастарға арналған халықаралық білім беру экожүйесінің дамуы сияқты болашақтың ең маңызды ғылыми бағыттарында түрлі баяндамалар жасады.

«Бұл форум жай ғана академиялық кездесулер алаңы емес. Ол – білім, ұлттық бірегейлік және елдің стратегиялық дамуы тоғысатын кеңістік. Қай елде өмір сүрсе де, тамыры Қазақстанға байланған, ғылыми жетістіктерін ел игілігіне бағыттауға құлшынысы бар отандас ғалымдарды тоғыстыратын алаң. – «Отандас ғалымдар форумының» нақты мақсаты бар: әлемнің әр түкпірінде жүрген отандастардың ғылыми жетістіктерін таныстыру, олар мен қазақстандық ғылыми қауымдастық арасында тұрақты байланыс орнату, еліміздің ғылым мен инновация саласындағы жаңа саясаттардың басым бағыттарымен бөлісу, бірлескен зерттеулер мен академиялық ұтқырлыққа жол ашу. Бүгін біз шекарадан тыс байланысқан ғылыми қауымдастықтың күшін көріп отырмыз. Германия, АҚШ, Жапония, Түркия, Корея, Моңғолия және басқа да елдерден келген ғалымдар – қазақ ғылымының жаһандық деңгейдегі ауқымын көрсетеді. Бір нәрсені ерекше атап өткім келеді: біздің университеттің есігі сіздер үшін әрқашан ашық – бірлескен зерттеу, тәлімгерлік, оқыту, инновациялық жобалар болсын, барлығы үшін. Бұл форум – жалғыз шара емес. Бұл – Қазақстан мен әлемдегі қазақ ғалымдарының тұрақты әрі стратегиялық жаңа серіктестігінің бастауы. Бұл елдің интеллектуалды диалогын байланысты жаңа деңгейге көтеретін тарихи қадам. Сіздердің тәжірибелеріңіз, ғылыми байланыстарыңыз, жаһандық көзқарастарыңыз – Қазақстан ғылымының келесі кезеңін қалыптастыруға өлшеусіз үлес», – деді Назарбаев университетінің президенті Ахмет Вакар.

Отандастар ғалымдар форумына қатысқан Өзбекстан делегациясының жетекшісі, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төралқа мүшесі, Отандас қорының Өзбекстандағы білім жөніндегі уәкілі, Өзбекстандағы республикалық қазақ мәдени орталығының білім жөніндегі бөлімінің жетекшісі Клара Садырбаеваның айтуынша, форумда әлемдегі қазақ ғалымдарын біріктіретін Qazaq International Science and Technology Association (QIST) ұйымы ресми түрде таныстырылды. Қазақстанда оқып жатқан қандас студенттер арасындағы «OQ Startup» және «Үздік қандас студент» байқауларының жеңімпаздары марапатталды. Сондай-ақ қазақ мәдениеті мен әдебиетін халықаралық деңгейде ілгерілетуді мақсат ететін «Ұлы дала» сериясымен 2025 жылы

жарық көрген кітаптардың таныстырылымы өтті.

«Биыл Отандастар қоры мен Қазақстан Жазушылар одағы бірлесіп ұйымдастырған «Ұлы дала» халықаралық жобасына шетелде тұратын қазақ қаламгерлерінен барлығы 25 шығарма ұсынылған. Комиссияның шешімімен олардың ішінен әдеби және ғылыми маңызы ерекше 9 еңбек баспадан шығарылатын болып

бекітілді. Олардың үшеуі Өзбекстаннан, үшеуі Моңғолиядан, екеуі Қытайдан, біреуі Ресейден. Шетелдегі қазақ диалогтарының саны жағынан ең алдыңғы орында тұрған өзбекстандық авторлардың ішінен бұл жолы Замира Мусаеваның «Мөлдір болсын жүректер», Қалдыбек Сейдановтың «Абай және Орта Азия әдебиеті» және Наурызбай Жарбо-сынұлы, Баршын Мырзабекқызы, Мейрамбек Әбдіқалиевтің «Өзбекстандағы қазақ ақындарының өлеңдері» деген кітаптары оқырманға жол тартып отыр», – дейді заң ғылымдарының магистрі К.Садырбаева.

«Абай және Орта Азия әдебиеті» деп аталатын еңбектің авторы академик Қалдыбек Сейдановтың сөзіне қарағанда, «Отандас ғалымдар форумы» болашағы зор бастама. Өйткені шетелдегі қазақ ғалымдарының саны бүгінде жүздеп емес, мыңдап саналады. Алайда олар өз әлеуетін әлі де толық көрсете алмай, белгілі бір шеңберден шыға алмай отыр. Сондықтан олардың басын біріктіріп, еңбектерін ұлттық ауқымда ғана емес халықаралық, әлемдік деңгейде таныстыру, халықаралық ғылыми жобаларға тарту ұлт пен ұлттың, ел мен елдің арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға өз септігін тигізетініне ешкімнің күмәні болмауы тиіс.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БАҒДАР

Ішкі істер министрі Ержан Сәденов жұмыс сапарымен Алматы қаласына барып, кәмелетке толмағандарға арналған жаңа колонияның қызметімен танысты. Бұл – елімізде алғаш рет мемлекеттік және жеке меншік әріптестік форматы бойынша салынған заманауи мекеме.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП –
БҰЛ ЖАЙ ҰРАН ЕМЕС



Министр нысан инфрақұрылымын қарап, жасөспірім сотталғандардың ұсталуы үшін жасалған жағдайларды, білім беру бағдарламаларын және әлеуметтік бейімдеу тәсілдерін бағалады. Жоба қылмыстық-атқару жүйесін жаңғыртудағы маңызды қадам болды. Министр сондай-ақ өңірлік ҚАЖ департаменті бастығының есебін тыңдап, қызметті одан әрі жетілдіру бойынша негізгі міндеттерді айқындады.

ІІМ делегациясы Алматы қаласы полиция департаменті музейінің ашылуына да қатысты. Ауданы 272 шаршы метр болатын нысанда архивтік материалдар, фотосуреттер, әр жылдардағы формалық киім үлгілері, техника мен марапаттар бар. Онда мегаполис полициясының даму тарихы көрсетілген. Құрметті қонақтарға арналған кітапқа министр естелік жазба қалдырды.

Жұмыс бағдарламасы аясында Ержан Сәденов «Қазақстан санаторийіне» барды. Бұл – ішкі істер органдары қызметкерлері мен ардагерлеріне арналған заманауи сауықтыру орталығы. Мұнда денсаулықты нығайтуға қажетті барлық жағдай жасалған.

Сонымен қатар департаменттің жеке құрамы және Ұлттық ұланның өңірлік қолбасшылығының қатысуымен жедел кеңес өтті. Министр Мемлекет басшысы қойған басты міндет – Заң мен тәртіпті қамтамасыз ету екенін ерекше атап өтті.

– Алматы – елдегі ең ірі мегаполис. Алматылық полиция қызметкерлерінің кәсібилігі миллиондаған тұрғын мен қала қонақтарының қауіпсіздігі мен тыныштығына тікелей әсер етеді, – деді министр. Оның айтуынша, қалада қыл-

мыспен күрес бойынша кешенді шаралар қабылданған, бұл өз нәтижесін көрсетуде: қылмыс деңгейі 13%-ға төмендеген, кісі өлтіру, ауыр дене жарақатын келтіру, ұрлық, алаяқтық, тонау, қарақшылық, рецидив және көше қылмыстары да айтарлықтай азайған.

ІІМ басшысы қоғамдық тәртіпті сақтау мәселесіне ерекше назар аударды. Ол патрульдік полиция, әскери жасақтар және кешенді күштердің кәсіби деңгейін арттыру міндеттерін жүктеп, басты қағидат ретінде сыпайылық пен талапшылық сақталуы тиіс екенін айтты.

– Заң мен тәртіп – бұл жай ұран емес, қалыпты өмірдің негізі. Әрбір азамат қауіпсіз елде өмір сүргісі келеді. Бұл – біздің күнделікті жұмысымыз. Бірақ көп нәрсе азаматтардың саналы әрекетіне де байланысты, – деді Ержан Сәденов.

Министр өңірлік бөліністердің жұмысындағы кейбір кемшіліктерге тоқталып, профилактикалық жұмысты күшейту, азаматтардың өтініштерін сапалы және уақытылы қарауды қамтамасыз ету, сондай-ақ ішкі істер органдарының тиімділігін арттыратын цифрлық шешімдерді енгізуді жалғастыру бойынша нақты тапсырмалар берді.

Сөз соңында Ержан Сәденов құқық қорғау жүйесін одан әрі нығайту үшін тәртіп, жауапкершілік және жеке құрамның үйлесімді жұмысы қажет екенін атап өтті. Модернизация, ашықтық және тиімділікті арттыру бағыты жүйелі түрде жалғасып, қойылған міндеттер толық көлемде орындалуы тиіс.

Гүлнар ТАЗАБЕКОВА
АЛМАТЫ

ПӘРМЕН

МЕКТЕП, БАЛАБАҚШАНЫ
ТЕКСЕРУГЕ ЖОЛ АШЫҚ

Қазақстанда мектептер мен балабақшаларға жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізілетін болады.

2025 жылғы 4 желтоқсандағы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға сәйкес, жоспарлы тексеру жылдық тізімге сәйкес тексеруді тағайындау туралы акт негізінде жүргізіледі.

Бастысы жоспардан тыс тексеру мемлекеттік бақылау субъектісіне хабардар етпей жүргізіледі.

Жоспардан тыс тексеруге не түрткі болады? Заңдағы өзгеріске сәйкес тексеруді қолға алуға:

- мемлекеттік бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау;
- жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- заңнама талаптарын бұзудың нақты фактілері бойынша прокурордың талаптары;
- бұзушылықтың нақты фак-

тілері бойынша мемлекеттік органдардың өтініштері;

- бұзушылықтың нақты фактілері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген жарияланымдар мен хабарламалар;

- қылмыстық қудалау органының тапсырмасы негіз бола алады. Бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойған болатын. Осы заңмен Жер, Бюджет, Кәсіпкерлік туралы кодекстерге, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстерге, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы», «Мәдениет туралы», «Білім туралы» және «Мұғалімнің мәртебесі туралы» заңға өзгеріс енгізілді.

Т.ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТҰРҒЫН ҮЙ САЛАСЫНА РЕФОРМА КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заң баспана құрылысын жобалаушы мен салушыдан бастап, пайдаға беруші, жөндеуші, ғимаратты айналымнан шығарушының міндеті мен жауапкершілігін, құқығын толық қарастыруы керек. Бұл жөнінде Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның кезекті отырысында осы ұйымның белді мүшесі, «Қазақстан дағы парламентаризмді дамыту қоры» ҚҚ президенті Зәуреш Батталова мәлімдеді.

Алқалы жиын Қазақстандағы тұрғын үй заңнамасын жетілдіру мәселесіне арналған болатын. Талқылауға Мәжіліс депутаттары мен барлық деңгейдегі мәслихаттар, уәкілетті мемлекеттік органдар, «Отбасы банкі» АҚ өкілдері, салалық қауымдастықтар мен сарапшылар қатысты. Жиын тізгінін Қоғамдық палата төрағасы, Мәжіліс депутаты Айдос Сарым ұстады.

Тұрғын үй саласы көп қырлы және жүйелі түрдегі шараларды жүзеге асыруды қажет етеді. Олар тұрғын үй кешенін жаңғырту, азаматтардың осал санаттарына баспана бөлу, тұрғын үйді жалға алуды және жалға алушылардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ үлескерлердің, құрылыс салушылардың және тұрғын үй қорын басқару, тағы басқа мәселелер. Айдос Сарым әріптестерін қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және тұрғын үй саласындағы жүйелі құқықтық мәселелерді шешу жөнінде нақты ұсыныстар енгізуге шақырды. Тұтастай алғанда жиында сындарлы диалог орнап, тиімді ұсыныстар айтылды.

Жалпы отырыста баяндама жасаған Өнеркәсіп және құрылыс ви-

це-министрі Қуандық Қажкеновтың айтуынша, еліміздегі тұрғын үй құрылысының қарқыны белгілі деңгейде артып келеді. Мәселен, 2023–2024 жылдары Қазақстанда жоспарланған 30,8 млн шаршы метрден

бойынша тұрғын үй иеленіп, ал 9,8 мыңнан астам отбасы жалдау ақысын алыпты.

Десе де шешімін күткен мәселе өте көп. Оларды жолға қою үшін алдымен заңнаманы дұрыстау керекті-

Әкімдіктер беретін тұрғын үй әрқашан нормативтік алаңға сәйкес келе бермейді, үлестік меншік пен ерлі-зайыптылардың меншігін есепке алу реттелмеген. Осы проблемаларды шешу үшін отбасы банкі азаматтардың стандартты емес алаңдағы тұрғын үйге келісімін ескеруге, үлестік меншік туралы нормаларды нақтылауға, апаттық тұрғын үйді бөлу функцияларын жергілікті атқарушы органдарға беруге, сондай-ақ мұқтаждар базасымен жұмысты оңтайландыруға және тұрғын үй құрылыс жинақтары салымшыларына мемлекет сыйлықақылары бойынша дебиторлық берешекті өтеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін заңға өзгерістер енгізу қажет.

артық, яғни 36,9 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліпті. Ал, биыл республика бойынша 19,2 млн шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланса, 10 айда 14,6 млн шаршы метр баспана салынды. Бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңінен 4,5%-ға артық.

Сонымен қатар мемлекет тарапынан тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға белсенді қолдау көрсету жалғасуда. Мәселен, жалға берілетін пәтерлер, 2% және 5% жеңілдікті ипотекалық қарыздар ұсынылып, жалдау субсидияланады, тұрғын үй сертификаттары беріледі. 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 5 мыңға жуық кезекте тұрғандар жеңілдікті бағдарламалар

гін Зәуреш Батталова атап көрсетті. З. Қабылбекқызы мұның себебін қолданыстағы құжаттың шашыраңқы екендігімен, онда базалық ұғымдардың анықталмағанын, тұрғын үйге құқықты іске асыру тетіктері жоқ, сонымен қатар ведомстволар арасында үйлесімді жұмыстың жолға қойылмағандығымен байланыстырды. Өз ойын: – Біз құрылыс бағдарламаларының логикасынан тұрғын үй стандарттарымен, нормалармен және институттармен реттелетін кепілдік болып табылатын құқықтық модельге көшуіміз керек. Тұрғын үй саясатының қазіргі жағдайы жеке-леген мәселелерді емес, бүкіл саланың түбегейлі сәтсіздіктерін талқылауды талап етеді. Мемлекеттік

бағдарламалар заңды жүзеге асыру тетіктері ретінде емес, тарату құралдары ретінде ғана жұмыс істейді. Әлеуметтік топтар – жастар, жалға алушылар, табысы төмен отбасылар, балалар үйінің түлектері, көп балалы отбасылар және мүгедектер – іс жүзінде жүйеден тыс қалады, – деп сабақтады. Осыған орай ол құрылыс пен пайдаланудың барлық элементтерін, әлеуметтік саясатты, қаржы құралдары мен цифрлық тетіктерді біріктіретін тұрғын үй саясаты туралы жаңа заң қабылдау қажеттігін атап өтті. Батталова ханым сонымен қатар жеткілікті тұрғын үй стандарттарын енгізуді, бірыңғай цифрлық платформа құруды, тұрғын үй омбудсмені институтын енгізуді және адам құқықтарын қорғаудың сот моделін белгілеуді ұсынды. Оның пікірінше, бұл шараларсыз барлық тұрғын үй реформалары жүйелі жүрмейді.

Талқылау барысында сөз алған «Отбасы банкі» АҚ Басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова да саланы реформалауға қатысты күшіне енген түзетулер аясында Қазақстанда тұрғын үй саясатын іске асырудың ағымдағы жай-күйі мен проблемалық аспектілерін ортаға салды. Ибрагимова ханымның айтуынша, жалға берілетін тұрғын үйді автоматтандырылған бөлуде бірқатар заңнамалық кедергілерді анықтады. Мәселен, әкімдіктер беретін тұрғын үй әрқашан нормативтік алаңға сәйкес келе бермейді, үлестік меншік пен ерлі-зайыптылардың меншігін есепке алу реттелмеген. Осы проблемаларды шешу үшін отбасы банкі азаматтардың стандартты емес алаңдағы тұрғын үйге келісімін ескеруге, үлестік меншік туралы нормаларды нақтылауға, апаттық тұрғын үйді бөлу функцияларын жергілікті атқарушы органдарға беруге, сондай-ақ мұқтаждар базасымен жұмысты оңтайландыруға және тұрғын үй құрылыс жинақтары салымшыларына мемлекет сыйлықақылары бойынша дебиторлық берешекті өтеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін заңға өзгерістер енгізу қажет.

Тұрғын үй саласында мүмкіндігі шектеулі жандар үшін шешілмеген мәселелер бары қоғам тарапынан

үнемі көтеріліп келеді. Мұны өз кезегінде Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің төрағасы Илья Скуб та жасырмады. Скуб мырзаның айтуынша, мүгедектерді қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету, олардың жағдайына пәтерлерді бейімдеу, есту қабілеті бұзылған азаматтардың қажеттіліктерін ескере отырып, өрт қауіпсіздігіне кепілдік беру, сондай-ақ олардың құқықтары қорғалуы үшін қамқорлықтағы адамдардың мүлікке билік етуді бақылау шараларын қабылдау кезек күттірмейді.

Талқылау барысында сөз алғандар көппәтерлі үйлерді басқаруға қатысты мәселені де айналып өтпеді. Осы ретте Петропавл өңірлік тұтынушылар ПИК қауымдастығының төрағасы Сергей Худяков көппәтерлі үйлерді басқару сапасын арттыруға бағытталған шаралар пакетін ұсынды. Негізгі ұсыныстардың қатарында тұрғын үй көмегі бойынша лимитті арттыру бар, ол қазіргі уақытта кондоминиум объектілерін басқару, күтіп ұстау, ағымдағы және күрделі жөндеу бойынша шығыстарға шаршы метріне 60 теңгені құрайды. Шектеу аз қамтылған иелерді үй қымбат күрделі жөндеуді қажет ететін жағдайларда қорғаныс пен қолдау алу мүмкіндігінен айырады. Худяков мырза сонымен қатар гранттар мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тақырыптарына көппәтерлі үйлерді нормативтік күтіп ұстау мәселелері бойынша үй кеңестері мүшелерінің, тексеру комиссиялары мен қатардағы тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған жобаларды енгізу қажеттігін айтты.

Айдос Сарымның айтуынша, мемлекет пен заң шығарушы ұйымдар тұрғын үй саласындағы кемшіліктерді ескеруге, қателерді түзетуге және қоғаммен бірлесіп неғұрлым тиімді нормаларды қалыптастыруға дайын. Барлық енгізілген ұсыныстар мен сараптамалық пікірлер жүйелендіріліп, Қоғамдық палатаның қорытынды ұсынымдарына енгізіледі.

А. ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

БАҚЫЛАУ

Алматыда ауа сапасын жақсартуға бағытталған кешенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Ауаны ластайтын қалдықтардың шамамен 60 пайызы автокөліктерден шығатындықтан, экологтар мен полицейлер рейд жасауда. 2025 жылы жүргізушілерге салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 653 млн теңгеден асқан.

ЖҮРГІЗУШІЛЕРГЕ 653 МЛН ТЕҢГЕ АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ



Экология және қоршаған орта басқармасы өкілдерінің айтуынша, Есо Almaty ЖШС-нің жылжымалы зертханалары көлік құралдарынан ауаға тарайтын қалдықтар деңгейін оқиға орнында өлшейді. Әкімдік мәліметінше, 2025 жылы Есо Almaty және «Ренессанс плюс» компаниясының қызметкерлері 186 мыңнан астам өлшем жүргізіп, 20 мыңға жуық хаттама жасады. Салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 653 млн теңгеден асты. Жоспар аясында қатты отынды қолданатын қоғамдық тамақтану орындары – кәуапханалар мен моншаларды анықтау бойынша жұмыстар да қолға алынған. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасып жатыр.

Еске сала кетейік, Алматыда «Алматы қаласының аумағында атмосфералық ауаны қорғау саласындағы арнайы экологиялық талаптарды енгізу туралы» жаңа ережелер жобасы әзірленген. Құжат қазір келісу рәсімінен өтіп

жатыр. Ереже халық пен бизнеске қолдау шараларын енгізуге, экологиялық технологияға көшуге және автопаркті жаңартуға құқықтық негіз қалыптастырады. Ережелер қабылданғаннан кейінгі нәтиже жан-жақты болмақ. Негізгі ластаушы ретінде автопарк басты экологиялық бақылауға алынады. Енді III санаттағы кәсіпорындар да жаңа талаптарға бағынады: олар экологиялық нормаларды сақтауға және тексеруден өтуге міндетті. Сонымен қатар ауа сапасын жедел бақылауға мүмкіндік беретін бірыңғай мониторинг жүйесі құрылып, тұрғындарға ашық деректер ұсынылады. Қалада LEZ аймақтар пайда болады. Бұл көлік қозғалысына экологиялық талаптар енгізілетін аумақтар, олардың мақсаты – ауа ластануын азайту және қалалық ортаны жақсарту.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЗАҢҒЕРЛЕРДІ АУЫСТЫРМАЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды құқық қорғау саласына енгізу жөніндегі бастамасы – Қазақстанның құқықтық жүйесін жаңғыртудың стратегиялық бағыты.

Бұл қадам қоғамның қауіпсіздігін арттырумен қатар, құқық қолдану тәжірибесін біріздендіруге, шешім қабылдаудағы адами фактордың ықпалын азайтуға мүмкіндік береді. Жасанды интеллектті енгізуде ашықтық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін заманауи құқықтық базаны қалыптастыру, қоғам мен бизнестің жаңа технологияларға деген сенімін арттыру негізгі мақсат болып отыр.

Қазіргі таңда жасанды интеллект заң шығару мен сот ісін жүргізуден бастап құқық қорғау органдарының жұмысы мен заң тәжірибесіне дейінгі барлық элементтерге әсер ете отырып, құқықтық жүйені жаңғыртудың негізгі құралына айналды. Әрине жасанды интеллект заңгерлерді алмастырмайды, бірақ олардың кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтеді, құқық қолдану тиімділігі мен сапасын арттырады.

Қазіргі уақытта жасанды интеллекттің ерекшелігі – қылмысқа қарсы тұру мақсатында құқықтық ғылымға және құқық қорғау органдарының қызметіне жан-жақты қызығушылық танытуда.

Жасанды интеллект және цифрлық платформалардың дамуы әлеуметтік-экономикалық процестерді, коммуникация нысандарын, сондай-ақ мемлекеттік басқару тетіктерін түбегейлі өзгертеді. Бұл технологиялар тиімділікті арттырудың жаңа мүмкіндіктерін ашады, бірақ сонымен бірге қауіпсіздікке, азаматтардың құқықтарының бұзылуына және құқықтық жүйені бейімдеу қажет-

тілігіне байланысты тәуекелдерді тудырады. Цифрлық трансформация жағдайында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қазіргі мемлекеттің негізгі міндеттерінің біріне айналады.

Тәжірибеде жасанды интеллект үлкен көлемдегі деректерді талдауға, қылмыстық тәуекелдерді болжауға және көптеген мемлекеттік бақылау процедураларын автоматтандыруға қабілетті. Мысалы, компьютерлік көру элементтері бар бейнебақылау жүйелері қоғамдық тәртіптің бұзылуын тез анықтауға көмектеседі, және деректерді талдау алгоритмдері қаржылық қылмыстар мен киберқауіптерді қадағалайды.

Алайда, жасанды интеллектті кеңінен енгізу дұрыс құқықтық

реттеуді қажет етеді. Алгоритмдермен қабылданған шешімдер үшін жауапкершілік туралы, азаматтардың деректерін пайдалануға рұқсат беру туралы, сондай-ақ әділеттілік пен кемсітушілік қағидаттарын сақтау туралы сұрақтар туындайды.

Жасанды интеллект дәуірінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету-теңдестірілген тәсілді қажет ететін кешенді міндет. Мемлекеттер жаңа технологияларды реттеп қана қоймай, оларды құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттыру үшін де пайдалануы қажет. Құқықтық жүйені цифрлық дәуірге сәтті бейімдеу қауіпсіздікті, азаматтардың құқықтарын қорғауды және қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бағдат АУЕШОВА,
Yessenov University
қауымдастырылған
профессор



БЕЗБЕН

МЕМЛЕКЕТТЕН БЕРІЛГЕН ЖЕР
МАҚСАТЫНА САЙ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ТИІС

«Қазақстандағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» заңның 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімдік Қазақстан заңнамасы негізінде жер заңнамасын басшылыққа ала отырып жер қатынастарын реттеуді жүзеге асырады.

ҚР Жер кодексінің 4-бабының 5) тармақшасына сәйкес жерді нысаналы пайдалану жер заңдарының принциптерінің бірі.

Жер кодексінің 37-бабының 2-тармағына сай өз міндеттерін тиісінше орындаған уақытша өтеулі жер пайдаланушының (жалға алушының), егер Қазақстанның заңдарында немесе жалға алу шартында өзгеше белгіленбесе, осы кодекстің 43-бабы 1-тармағының 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында белгіленген талаптарды қоспағанда, жер учаскесінің шекаралары өзгермеген жағдайда, ал шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесі үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мониторингінің нәтижелері орындалған кезде, осы кодекстің 43-бабында қарастырылған тәртіппен жаңа мерзімге шарт жасасуға құқығы бар. Осы баптың 2-2-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, уақытша өтеулі жер пайдаланушы (жалға алушы) осындай шарт жасасу ниеті туралы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органына жалға алу шартында көрсетілген мерзімде, егер шартта мұндай мерзім көрсетілмесе,

онда жалға алу шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш ай мерзімде жазбаша хабардар етуге міндетті.

Жер кодексінің 65-бабы 1-тармағының 1) тармақшасымен жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар жерді оның нысаналы мақсатына немесе елді мекендердегі жерлерде функционалдық аймаққа сәйкес, уақытша жер пайдалану кезінде – оның ішінде, жалдау шартына (уақытша өтеусіз жер пайдалану шартына) сәйкес пайдалануға міндеттілігі көзделген.

Алайда, көп жағдайда азаматтар заң талаптарын орындамай жатын кездері болады.

Мысалы, азамат әкімдіктің жер беру құқығын тоқтату туралы қаулысын даулап, сотқа жүгінген. Сотта анықталғандай, талап қоюшы мемлекеттен жалға жер алғаннан кейін, уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын уәкілетті органда тіркемеген, жер актісін алмаған.

Сонымен қатар, шартпен белгіленген мерзімде жерді игеру бойынша өз міндеттерін мүлдем орындамаған. Мерзімді ұзарту туралы арызбен жалға алу шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін ғана жүгінген.

Жер кодексінің 37-бабының талабына сай, жалға алу мерзімін ұзарту құқығы өз міндеттерін тиісін-



Асылхан АБИЛГАЗИНА,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

ше орындаған уақытша өтеулі жер пайдаланушыға беріледі.

Сондықтан, сот жалға алу шартымен көзделген мерзімде жер учаскесін тиісті түрде игермеген жер пайдаланушыға жалға беру мерзімін ұзартуға құқықтық негіз болмаған деген тұжырымға келіп, талапты қанағаттандырудан бас тартты.

Азаматтар мемлекеттен жалға жер алғаннан кейін, жер пайдалану құқығын уақытылы тіркеп, шартта көзделген мерзімде жерді игерулері тиіс.

Бұл шарттардың сақталмауы, кейін жер пайдалану құқығын тоқтатуға негіз болып табылуы мүмкін.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Қазіргі құқықтық саясат тұжырымдамасында қылмыстық атқару жүйесін одан әрі ізгілендіру, сотталғандарды қоғамға қайтадан интеграциялау және әлеуметтендіру сондай-ақ жазалау мекемелеріндегі осындай адамдарға қатысты оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық-құқықтық шаралардың қолданылуын кеңейту қарастырылған. Сондықтан құзыретті органдар мен ведомстволар тарапынан жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату тәжірибесін жетілдіруге бағытталған жұмыстар әлі де болса жүргізілуде.

ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН
БҰРЫН БОСАТУДЫҢ,
АУЫСТЫРУДЫҢ ЖӘНЕ
ҚЫСҚАРТУДЫҢ
СОТ ПРАКТИКАСЫ

Қазақстанның қылмыстық іс жүргізу жүйесінде үкім заңды күшіне енген сәттен бастап оның орындалуы мемлекет тарапынан қамтамасыз етілетін міндетті процесс болып табылады. Үкімнің орындалу кезеңінде жазаны атқару барысында жаңа мән-жайлар туындап, оларды шешу соттың құзыретіне жатады. Мұндай жағдайларда сотқа арнайы ресімделген жадығаттар ұсынылады. Бұл институт – жазаны атқару жүйесінің заңдылық пен әділеттілікті қамтамасыз етудегі маңызды тетігі.

Қылмыстық процестің соңғы кезеңі – үкімді орындау. Ол тек



Бек НҰРНИЯЗОВ,
Ақтөбе қаласы
№2 сотының судьясы

қана жазаны қолданумен шектелмей, сонымен қатар сотталған адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, жәбірленушінің талаптарының орындалуын және әділеттіліктің толық жүзеге асуын көздейді. Үкімді орындау барысында туындайтын мәселелерді шешу – қылмыстық әділет жүйесінің тиімділігін айқындайтын маңызды көрсеткіш. Мысалы, жазасын өтеушінің денсаулығының нашарлауы, еңбекке жарамсыздық, тәртібінің түзелуі – сот қарауына жататын мәселелерді алға тартады.

Қылмыстық саясаттың ізгілендірілуі мен жазалардың жеке-дара-лануын қамтамасыз ету қазіргі кезеңдегі қылмыстық-атқару жүйесінің негізгі қағидаттарының қатарында. Жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату (ШТМБ), жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл түрдегі жазаға ауыстыру (ЖАҒ), сондай-ақ тағайындалған жаза мерзімін қысқарту институттары – соттардың сотталған тұлғаларды түзелу деңгейіне қарай бағалап, жаза мақсаттарына қол жеткізудің икемді тетіктерін қолдануына мүмкіндік беретін құқықтық институттар. Бұл институттардың тиімділігі сот тәжірибесінің бірізділігіне, дәлелдемелерді бағалау сапасына және қылмыстық-атқару инспекциялары мен түзеу мекемелерінің ұсынымдарының нақтылығына байланысты.

ҚР ҚК-нің 72-бабына сәйкес, сотталған адам жазаның белгілі бір бөлігін өтегеннен кейін түзелу жолына нақты түскен жағдайда ШТМБ қолданылуы мүмкін.

ШТМБ – соттың дискрециялық құқығы, яғни негіздердің бар болуы оны міндетті қолдануды білдірмейді.

Жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл түрдегі жазаға ауыстыру (ҚК 73-бабы) – бұл институт түзелу деңгейі жеткілікті сотталғандарға арналған. Сот жаза түрін өзгерте отырып, түзеу мекемесінде ұсталудың орнына қоғамдық жұмыстарға, бас бостандығын шектеуге немесе өзге де жеңіл жазаға ауыстыруы мүмкін.

Жаза мерзімін қысқарту – жүріс-тұрысы түзелуге бағытталған сотталғандарға қатысты қолданылатын құқықтық тетік. Әдетте ерекше марапаттары, бірнеше рет көтермелеулері бар тұлғаларға қатысты қолданылады. Заң жәбірленушінің пікірін міндетті түрде жеткізуді талап етеді. Практикада жәбірленушілердің қарсылығы сот шешіміне әсер ететін маңызды фактор ретінде қарастырылып келеді.

Жеңіл жазаға ауыстырылған тұлғалардың мінез-құлқын бақылау тетіктерінің жетілдірілмегендігі – тағы бір өзекті мәселе. Электрондық бақылау құралдарын толық енгізу бұл мәселені шешуге мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары ШТМБ және ЖАҒ қолдану үлесі өсіп келеді. Бұл – жазалау саясатындағы гуманизация үрдісінің айғағы.

Кейбір жағдайларда ШТМБ алған тұлғалар қайта қылмыс жасап, пробациялық бақылау талаптарын бұзатын фактілер кездеседі. Бұл – ШТМБ институтын қолдану кезінде тәуекелдерді алдын ала бағалау жүйесінің әлсіздігін көрсетеді.

Институттарды жетілдіру бағыттары:

1. Түзелу деңгейін бағалаудың бірыңғай критерийлерін заңнамалық бекіту.
2. ҚАЖ органдарының ұсынымдарын сапалық тұрғыда жетілдіру және оларды цифрландыру.
3. Жәбірленушілерді хабардар ету тетіктерін жеңілдету.
4. Пробациялық бақылаудың цифрлық құралдарын кеңінен енгізу (электрондық білезік, онлайн бақылау).
5. Қылмыстық-атқару мекемелеріндегі ресоциализация бағдарламаларын күшейту.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл түрдегі жазаға ауыстыру және тағайындалған жаза мерзімін қысқарту институттары – сотталғандарды қайта әлеуметтендіруді қамтамасыз ететін заманауи құқықтық тетіктер. Сот тәжірибесінде бұл институттардың қолданылуы қылмыстық саясаттың гуманизация бағытындағы маңызды қадам болып табылады.

Сонымен бірге, соттарда дәлелдемелерді бағалау, түзелу деңгейін анықтау және тәуекелдерді бағалау мәселелері әлі де бірізділікті қажет етеді. Бұл институттарды әрі қарай дамыту қоғамдық қауіпсіздік пен сот төрелігінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Өңір

ҚЫСҚЫ ТУРИСТІК МАУСЫМ АШЫЛДЫ

«Алтай Альпісі» демалыс базасында Шығыс Қазақстан облысындағы 2025–2026 жылғы қысқы туристік маусымның ресми ашылуы өтті. Оған жиналған 1200 адам қыстың басталуын ерекше мерекелік көңіл-күймен қарсы алды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында мемлекеттік органдар үшін туризм мен инфрақұрылымды дамыту әр кез басым бағыт болуы тиістігін атап өткен еді. Ал Шығыс Қазақстан жыл сайын қысқы демалыс үшін ең тартымды аймақтардың қатарында.

Бүгінгі қолайлы ауа райы да туристік маусымның салтанатты ашылуын қызықты өткізуге мүмкіндік берді. Қолөнершілер жәрмеңкесін аралап, садақшылардың өнерін көрген қонақтар ұлттық тағамдардан да дәм татты. Шараның ең айшықты сәттерінің бірі – шаңғышы-

лардың Мемлекеттік туды көтеріп жаппай сырғанауы болды.

Аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағанов құттықтау сөзінде облыстағы қысқы туризмді ары қарай дамытудың және туристік инфрақұрылымды күшейтудің маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар қысқы туризмді дамытуға белсенді үлес қосып жүрген кәсіпкерлер мен спортшылар, оның ішінде құсбегілер Алғыс хаттармен марапатталды.

А.МӘУЛЕНБАЙ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

АЙМАҚ БАСШЫСЫ ТҮРҒЫНДАРДЫ
ҚАБЫЛДАДЫ

Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай Мұнайлы ауданына жұмыс сапары барысында 100-ге жуық тұрғынды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдау кезінде тұрғындар негізінен жұмыссыздық, тұрғын үй, әлеуметтік қамту, білім беру және балабақша мәселелері, денсаулық сақтау, жол жөндеу, жер мәселесі, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, еңбек дауы, сондай-ақ сот процесіне, алаяқтық фактісіне және балалар алаңына қатысты жекелеген өтініштерді көтерді.

Әрбір өтініш мұқият тыңдалып, тиісті облыстық басқармалар мен аудан әкімдігіне нақты тапсырмалар берілді. Аймақ басшысы барлық мәселе заң аясында қаралып, әр шағым жеке бақылауда болатынын атап өтті.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЖОБАСЫ ЖАЛҒАСУДА

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Политехникалық колледжде «Таза Қазақстан» республикалық жобасы аясында студенттердің экологиялық акциясы өтті.

Шара бірнеше бағытты қамтып, жастардың экология мәселелеріне деген көзқарасын қалыптастыруға және табиғатты қорғау мәдениетін арттыруға бағытталған. Ақция барысында – «Экологиялық мәселелер – бұл әр азаматтың жеке жауапкершілігі ме, әлде мемлекеттің міндеті ме?» деген тақырыпта эко-дебат ұйымдастырылған. Парламенттік пікірсайыс форматында өткен талқылауда студенттер экология саласындағы жауап-

кершіліктің кімге жүктелу керектігін нақты дәлелдермен талдады. «Қолдау» тобы экологиялық қауіпсіздік үшін мемлекет негізгі жауапты тарап екенін айтты. Олар экологиялық заңдарды қабылдау, өнеркәсіпті бақылау, қоқыс өңдеу жүйелерін дамыту секілді жұмыстарды мемлекеттің өзі атқаратынын мысалға келтірді.

Р.НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚОЛДАУДАН КЕНДЕ ЕМЕС

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев өңірде заманауи қант қызылшасы кластерін қалыптастыру, өндірушілерді қолдау тетіктерін кеңейту, өңдеу саласын дамыту және ішкі нарықтағы отандық қанттың үлесін арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Қазіргі таңда қант қызылшасын жинау науқаны 88,1% деңгейінде аяқталды. Орташа гектар өнімділігі 483 центнерді құрап, 207 мың тонна өнім жиналды. Барлық шикізат Меркі қант зауытына өңдеуге жөнелтілді.

Жамбыл облысында қант қызылшасы саласын қолдауға жергілікті бюджеттен 6,9 млрд теңге бөлінді, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша 5,3 млрд теңге қарастыру көзделіп отыр.

Өңірдің жалпы ауыл шаруашылығы өнімі 458,5 млрд теңгені құрап, өсім 3,1% болды. Егіс алқаптары 640 мың гектарға дейін ұлғайып, жалпы өнім көлемі 3,3 млн тоннаға жетті.

АӨК-ті қолдауға 29,1 млрд теңге көлемінде субсидия бағытталды.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

АЗАМАТ ЖОЛЫ – АР ЖОЛЫ

ШЫҒЫС ӨҢІРІНІҢ ӨРЕЛІ ЗАҢГЕРІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осындай мәрт жүрек ағалардың жан жылуын, үлкендік мейірім-шуағын сезінудің өзі қиялыңа қанат бітіретіні рас. Илегеніміз бір терінің пұшпағы болған соң, айналадағы заңның жілігін шағып, майын ішкен дейтіндей аға буын өкілдерін үлгі тұтып, назарымызда ұстап жүретініміз де қалыптасқан заңдылық секілді.

Сансызбек Ілиясұлы – өзім қызмет еткен шығыс өңірінің тумасы, қазақтың қасиетті топырағында туып өскен ел перзенті. Тағылымы зор азаматтың қадір-қасиетін өсіп-өнген ортасымен байланыстырып, салыстырып, атағын асырып, аспандатып жатамыз. Бұл тұрғыдан келгенде Сансызбек ағамыз жолы болған жан. Несібелі ұланын топырағы қолдап көтереді деген ұлағат бекер айтылмаса керек.

Еңбегімен елге сыйлы

Еңбек жолын қарапайым слесарь болып бастаған жас жігіт әу баста өзінің алдынан даңғыл жол күтіп тұр-ау, көп ұзамай елімнің заң саласының бір тұлғалы азаматына айналармын-ау деп, сірә да, ойламаса керек. Әуелгі мақсат – қалайда жерде қалмай, ата-анасының үмітін ақтау болған десек, ақиқаттан алыстамаспыз.

Қазақ баласының арық сөйлеп, семіз шығуға талаптанатын жақсы жағы бар. Бір анық айтары, көкірегін кернеген арман-мүдесі мол, әрі асқақ еді. Сондықтан да көптеген арман қуған жастар қатарында Алматыға келіп, сол кездегі С.М.Қиrows атындағы оқу ордасына талаптанып құжат тапсырды. Заңгер болып шығам деген мүддемен оқуға түсіп, дипломын 1973 жылы иеленді. Алғашқы еңбек жолын Семейдің Калинин аудандық халық судьясы болып бастаған әріптесіміз іле-шала әділет бөлімі бастығының орынбасары қызметін атқарған еді. Арасында атқарған міндетті әскери борышы тағы бар. Осындай қарқынды бастамамен қарымды қабілет-қауқарын да бірден танытып тастаған болуы керек.

Олай дейтініміз, әрі қарайғы Сансызбек Ілиясұлының өмірбаян жолдарына үңіле отырғанда, бір сәтке де аялдап, тоқырап қалмаған, тек қана алға ұмтылып, үздіксіз өсу, өрлеу үстінде болған, бірден биік асуларды межелеп, сол тұғырынан еш түспеген заң саласы қайраткерінің абыройлы белестерді бағындырумен болғанын байқаймыз. Сол қылпып тұрған қылыштай қылшылдаған жас шағының өзінде Қазақ ССР Әділет министрлігі сот басқармасында бас кеңесші болған, одан көп ұзамай,

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің жалпы бөлімінде сектор меңгерушісі, ҚР Жоғарғы Сотының судьясы, Астана қалалық сотының төрағасы, ҚР Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі алқа төрағасы, ҚР Жоғарғы соты бақылау алқасының төрағасы сияқты лауазымды қызметтер атқаруы – Сансызбек Ілиясұлының заң мен сот саласының ең бір жауап-

Сансызбек Ілиясұлының тағы бір азаматтық озық қырын айрықша атап өтпесек болмас, осыншама қарқынды еңбек еткен тәжірибелі заңгер, енді сол абыройлы жолдарын әріптестерімен бөлісе отырып, шығармашылық ізденіспен де айналысты. Бұл, әсіресе, өскелең жас ұрпақ үшін маңызы зор, соңынан ерген жас заңгерлер үшін аса қажет қадам болды. Ол кісінің іс тәжірибеден түйіндеген публицистикалық еңбектері бірнеше жинақ болып жарық көрді.

ты, ең бір мәртебелі істерінің басында еңбек еткендігін, елімізде бұл саланың шарықтап алға басуына зор үлесін қосып отырғандығының айқын дәлелі деп айтуға толық қақымыз бар.

Абырой биігінде

Әрине, бұл мақаланы жазудағы басты мақсат – Сансызбек Ілиясұлының қызмет жолын жіпке тізгендей етіп санамалап шығу емес. Дегенмен, заң саласының ардақты майталманының жеңісті де жемісті жолдары оның қарқынды еңбегінің, талмайтын жігерінің, ортаймас қажыр-қайратының, өзі сүйген іске бар ынта-ықыласын салғанының жарқын көрінісі.

Одан бөлек кейіпкеріміздің еліміздің біліктілігі жоғары судья мәртебесіне ие болғандығын, ҚР Жоғарғы Соты бойынша жетекшілік орындарға сот кадрларын тағайындау комиссиясының төрағасы, ҚР Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі секілді, т.б. толып жатқан қоғамдық істерге белсене араласқандығын қалайша атап өтпеске?!

Мұның бәрі, әрине, кім-кімге болсын оңайға соқпайтын, тым қарбалас, қат-қабат күлдендықтарға толы әрі мойынға үлкен жауапкершілік артатын заң мен сот саласындағы күрделі қызмет белестерінде қадірменді ағамыздың өзін тек жоғары межелерден көрсете білгендігінің арқасы, қалың топ ішінен дара-



ланып, көзге түсе білуінің нәтижесі екендігі шүбәсіз.

Осындай абыройлы қызметтерінің арқасында Сансызбек Ілиясұлы талай алғыс, мемлекеттік марапаттауларға ие болды. ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Құрметті судьясы атанып, Судьялар одағының «Үш би» төсбелгісін өңіріне тақты.

Әрине, осылардың ішінен, ең елеулісі – үкіметіміз Сансызбек Ілиясұлының ұзақ жылдар бойғы жемісті еңбектерін ескеріп, 2022 жылдың маусым айында мемлекетіміздің аса мәртебелі «Құрмет» орденімен марапаттауы қадірлі заңгерімізге берілген лайықты баға, абыройлы да мәртебелі сыйлық болғандығы айқын.

Тау баласы тауға қарап еседі

Сансызбек Ілиясұлының тағы бір азаматтық озық қырын айрықша атап өтпесек болмас, осыншама қарқынды еңбек еткен тәжірибелі заңгер, енді сол абыройлы жолдарын әріптестерімен бөлісе отырып, шығармашылық ізденіспен де айналысты. Бұл, әсіресе, өскелең жас ұрпақ үшін маңызы зор, соңынан ерген жас заңгерлер үшін аса қажет қадам болды. Ол кісінің іс тәжірибеден түйіндеген публицистикалық еңбектері бірнеше жинақ болып жарық көрді.

Ара-тұра іс барысында кездескенде аңағанымыз, Сансызбек Ілиясұлы осы сыйлы жасына ентікпей, шаршамай, сол баяғыдай тың қалпында, өте сергек жеткен. Дәл қазіргі қайратты қозғалыс-қимылына қарап тұрып шау тартып қалыпты-ау дейтіндей қариялыққа мүлде қимайсың. Оның да себеп-салдарын жақсы түсінетін сияқтымын.

Біріншіден, Сансызбек Ілиясұлы – жаратылысынан рухы мықты, құрыштан құйғандай шымыр, бітім-болмысы биік жан.

Екіншіден, ағамыз шың-құздары көкпен таласқан Алтай тауларының ортасында тербеліп өскен шығыс перзенті. «Тау баласы тауға қарап өседі, адаспайды қалың тұман ішінде», – деп әнде айтылғандай, тауға қарап рухтанып өскен, өмірден адаспай өз орнын ойып алған, асқар асулармен абырой биігіне көтеріліп отырған жан. Ғажайып көркем табиғат, саумал саф ауа осыншалық күш-қуаты тасқындаған, жігерлі, әсершіл романтик жанды көрілікке жібере ме?!

Үшіншіден, өмірлік серігін де айнымай тапқан азамат. Тек өкініштісі, ағамыздың асыл жары Әлия жеңгеміз осыдан аз жылдар бұрын бақилық болды. Адам баласында арман-тілек таусыла ма, дегенмен, осы күндерге дейін еңсесін түсірмей, жасындай жарқылдап, тұғырынан түспей келуіне Әлия жеңгеміздің қосқан үлесі орасан болатын. Осы бір абыройлы асуына сол жан жарыммен қатар жетсем дегенді қай пенде ойламасын.

Әрине, өмір болған соң, тағдыр жолы тақтайдай тегіс бола бермейді, қиындығы мен қызығы алмасып, адам баласының басына ауыр сынақ салатыны да бар. Осындай сырбаз мінезді, болаттай берік жанға жар қайғысы ауыр тиіп, қабырғасы қайысса да ағамыз сынып кетпеді. Басқа түскен сынақты қайсарлықпен қара нардай көтере білді, бала-шағасына бас-көз бола білді. Әлиядай жарымен бірігіп, қос ұлын алтындай етіп тәрбиеледі, екеуі де жақсы ата-ананы жерге қаратпайтындай биік мұратты жастар болып жетілді. Бір айта кетерлігі, кенже ұлы Әсет әке жолын қуып, судьялық жолды таңдады, бұл күндері әке салған ізбен адал еңбек етуде.

Әйтеуір, мың шүкірлік қылатыны – ұлдары Мағжаны мен Әсеті қос қанатындай жанына – тірек-таяныш, көңіліне – медеу. Ендігі арман-тілегі – сол ұрпағының бақыты мен қуанышын қызықтау. Немере-шөберелерінің шатығына куә болып, аталық бақытын сезіну.

Сансызбек Ілиясұлына шынайы інілік, бауырлық, әріптестік тілектестігімізді білдіреміз. Өзіңіз қажымай-талмай, еңбегіңізді сіңірген отаныңызбен бірге, сүйген халқыңыздың арасында, бала-шағаңыздың рахатын көріңіз! Әрқашан деніңіз сау болсын, еңсеңіз түспесін!

Тоқсан ауыз сөздің түйіні Сансызбек Ілиясұлындай ардақты асыл ағамыздың осынау мерейтойына деген ықылас-пейілімізді төмендегі жыр жолдарымен өрнектегіміз келді:

Сансызбек ағам, шыңында өскен Алтайдың,
Кеп қалды ма сексенге деп, аң-таңмын.
Сексенде де серісіз, сіз, сұлтаныңыз,
Тек, айтпаңыз, інілерге, қартайдым.
Өр Алтайдың тауларынан жаралған,
Ағамызға жету – бізге бір арман.
Өр Алтайдың қалықтаған қыраны –
Өр ұлысың – заңда атағы жер жарған!
Тегіңіз зор, Тарақтыдан тараған,
Тай күнінде тұлпарлыққа жараған.
Акселеудей шыққан текті қазағым,
Тегіңізді жұртым биік санаған.
Ардақты, аға, тұғырыңыз Алтай – шың,
Тауда өскен тектім қалай қартайсын?!
Құзар шыңнан көріне бер, жақсы ағам,
Елге – ақылшы, інілерге – қалқансың!

**Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының
төрағасы**

БІЛІМ

ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

Жоғары білімнің қара шаңырағы, тарихы терең әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті 90 жылдан аса уақыт ішінде айтулы жетістіктерге қол жеткізді. Әлемдегі ең мықты топ-200 жоғары оқу орындарының қатарына ТМД елдері арасында екі университет енсе, соның бірі – ҚазҰУ.

ҚР Үкіметінің қаулысымен «Зерттеу университеті» мәртебесін 2022 жылы алған ҚазҰУ-де әлемдік деңгейдегі 2022–2026 жылдарға арналған даму бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Қазіргі күні университетте 7 ғылыми-зерттеу институты мен 140 ғылыми зертхана және 2 ұжымдық пайдалану зертханасы, сондай-ақ, 34 ғылыми орталық бар. Әрине, мұндағы әрбір игі іс университет басшылығының еңбегімен тікелей байланысты.

Университет бүгінде Батыс және Шығыс Еуропа, Солтүстік Америка, Азия, Тынық мұхитындағы жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс істейді. ҚазҰУ-дің инфрақұрылымы күннен-күнге өркендеп, қалашық жаңа ғимараттармен толығып жатыр.

Педагогикалық ұжым мен студенттер үшін жасалып жатқан жайлы орта, нақты айтқанда,

ғылыми-зерттеу институттары мен инновациялық зертханалар, ғылыми орталықтар, т.б. олардың білім-ғылым жолындағы әлеуетін арттыруға ықпал етуде. Университет кітапханалары эксклюзивті қолжазбалар мен сирек кездесетін кітаптардың бай қорымен жасақталған. Мұнда жастарға білім берумен қатар, олардың тәрбиесіне де айрықша көңіл бөлінеді. Сондай-ақ, білім сапасын арттыру, студенттер мен ұстаздар қауымының ғылыми-зерттеу қызметін дамыту мақсатында іске қосылған жобалар нәтижелі жүзеге асырылуда. Мұнда «Жас ғалымдар» кеңесі жұмыс істейді.

Университет QS Asia University Rankings рейтингінде позициясын жылдан-жылға жақсартуда. Сонымен қатар, ҚазҰУ – QS Stars Rating System халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» марапатын иеленген Орталық Азиядағы жалғыз жоғары



оқу орны. Ел Президенті «Қазір – ғылым мен білімнің заманы. Отанымызды көркейтеміз десек, ең алдымен, осы екі саланы дамытуымыз керек», – деген болатын. ҚазҰУ ұжымы бүгінде беделді халықаралық рейтингтерде Орталық Азиядағы жоғары оқу орындарының көшін бастап отыр. Оның дүние жүзілік рейтингтердегі жетістіктері тек университет үшін емес, жалпы мемлекетіміз үшін маңызды.

**Ақмарал СМАНОВА,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ мемлекет және
құқық теориясы мен
тарихы, конституциялық
және әкімшілік
құқық кафедрасының
профессор ассистенті, з.ғ.к.
Дариға КҮНТУҒАН,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дің 4-курс студенті**

ЖАҢА БАҒЫТ, ЖАҢА МІНДЕТ, ЖАҢА МҮМКІНДІК

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіндегі маңызды өзгерістің бірі – жаңа «Гуманитарлық ғылымдар» кафедрасының құрылуымен байланысты. Бұл өзгеріс білім беру саласындағы қазіргі талаптар мен стратегиялық даму бағдарына сәйкес қабылданған ірі қадам саналады.

Кафедра құрамына қоғамда рөлі ерекше үш мамандық – философия, мәдениеттану және дінтану біріктіріліп, гуманитарлық саладағы білім мен ғылымды бір орталыққа шоғырландырудың жаңа моделі жүзеге асты. Жаңа кафедра тек құрылымдық қайта ұйымдастыру емес, университеттің ғылым, білім және тәрбие саласындағы жаңа кезеңге аяқ басуының айқын көрінісі.

Университеттің академиялық саясаты соңғы жылдары сапалық өзгерістерге бағытталып келеді. Білім беру мазмұны жаңарып, оқу бағдарламалары халықаралық талаптарға бейімделіп, ғылымды дамытуға ерекше назар аударылуда. Осы контексте гуманитарлық ғылымдарға жаңа серпін беру мақсатында жеке кафедраның құрылуы – заман талабынан туындаған қажеттілік. Гуманитарлық пәндердің қоғамдағы рөлі артып отырғанын ескерсек, философиялық ойлау, мәдениетаралық коммуникация, дінтанулық талдау, рухани және идеологиялық процестерді ғылыми түсіндіру – бүгінгі мамандар үшін

аса маңызды қабілеттер. Гуманитарлық бағыттағы мамандықтар қоғамда өз орнын таба алатын, аналитикалық ойлауы дамыған, кәсіби деңгейі жоғары маман даярлауға бағытталған. Философия, дінтану және мәдениеттану мамандықтарының бір орталыққа бірігуі – жаңа ғылыми мектеп қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, «Гуманитарлық ғылымдар» кафедрасының құрылуы – университеттің стратегиялық дамуына тың серпін беретін үлкен бастама. Бұл өзгеріс білім беру мазмұнын жаңарту ғана емес, қоғамның рухани тірегі саналатын гуманитарлық салаға жаңа тыныс әкелері даусыз. Философия, мәдениеттану және дінтану сияқты бағыттардың бір ортаға бірігуі – ойлы да ізденімпаз буынды тәрбиелеуге, студенттерге кең дүниетаным қалыптастыруға, ғылыми мектептерді күшейтуге зор мүмкіндік туғызады. Кафедра меңгерушісі болып университет қабырғасында ұзақ жылдар басшылық, ұйымдастырушылық қызмет атқарған ғалым, доцент Толқын Ауелгазина тағайындалды. Жаңа кафедраның болашаққа деген бағыт – бағдары айқын, жоспары анық.

**Талғат ЖАНЫСБАЙ,
Ербол СЫРБАЕВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дің
Тарих және құқық факультеті
гуманитарлық ғылымдар
кафедрасының аға оқытушылары**

ЭКОЛОГИЯ

Қазақстанда соңғы жылдары экологиялық құқықбұзушылықтар бойынша айыппұлдар көлемі айтарлықтай өсті. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің дерегіне сүйенсек, 2024 жылы табиғатты қорғау саласында 43 мыңнан астам әкімшілік іс қозғалып, жалпы сомасы 45 млрд теңгеге жуық айыппұл салынған. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 2,5 есеге көп. Айыппұлдардың артуы – экологияны қорғауға бағытталған мемлекеттік саясаттың қатаюымен байланысты. Дегенмен қоғамда да, сарапшылар арасында да бір сауал көтеріле береді: айыппұл салумен шектелеу жеткілікті ме?

ТАБИҒАТҚА КЕЛГЕН ЗАЛАЛДЫ ТОЛТЫРУ ҚИЫН

Айыппұл – жазаның бір түрі ғана деп білеміз. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБтК) 328-344-баптары экологиялық нормаларды бұзуға қатысты санкцияларды нақтылайды. Мұнай төгіндісі, жерді бүлдіру, қалдықтарды заңсыз көму, ауаны ластау, су ресурстарын рұқсатсыз пайдалану – бәрінің айыппұл мөлшері анық. Мысалы, ӘҚБтК 328-бабы – қоршаған ортаны ластағаны үшін жеке тұлғаларға 20 АЕК, лауазымды адамдарға 50 АЕК, кәсіпкерлік субъектілеріне 200-2000 АЕК көлемінде айыппұл қарастырылған; 341-бап – өндіріс және тұтыну қалдықтарын заңсыз көму үшін 500-3000 АЕК айыппұл.

Алайда айыппұл тек қаржылық салмақ түсіреді. Қоршаған ортаға келетін бірыңғай, тұрақты залалды айыппұлдың өзі өтей алмайды. Экологиялық құқық бұзушы айыппұл төлеп, ісін жалғастыра берсе – табиғатқа келген зиян ешқашан толық қалпына келмейді.

Айыппұл артқанымен құқықбұзушылық азайған жоқ

2023 жылы Экологиялық заңнамаларға енгізілген өзгерістер кәсіпорындарға экологиялық талаптарды бұзғаны үшін өтемақы түрінде төлемдерді күшейтті. Оның ішінде, «Ластаушы төлейді» қағидаты нақты бекітілді; Есептеу әдістемесі біріздендірілді; Кәсіпорындарды компенсациялық ағаш отырғызуға және қалдықтарды қайта өңдеуге инвестициялауға міндеттеу күшейтілді.

Дегенмен, іс жүзінде көптеген кәсіпорындар айыппұлды «жұмыс

шығыны» ретінде қарастыратынын 2024 жылғы Бас прокуратураның қадағалау талдауы да көрсетеді. Демек айыппұл көлемінің артуы құқықбұзушылықтың азаюына автоматты түрде әсер етпейді.

Нақты мысалдар айыппұлдың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Мәселен, 2024 жылы Маңғыстау аймағы бойынша 700-ден астам заңсыз қоқыс орны анықталып, жергілікті мекемелерге 1,2 млрд теңге айыппұл салынған. Бірақ айыппұл төленгенімен, қоқыс жиналу қарқыны баяу, ал жаңа заңсыз төгілген орындар қайта пайда болуда. Кейін Каспийдің Атырау аймағы бойынша балық шаруашылығына келтірілген залал үшін мұнай компанияларына бірнеше миллиард теңге айыппұл салынған. Бірақ Каспийдегі балықтың азаюы тоқтамады, себебі айыппұл экожүйені қалпына келтіре алмады. Алматының ауа сапасының нашарлауын алсақ та, қалалық экология департаментінің мәліметінше, ірі кәсіпорындар мен автопарктерге ай сайын жүздеген хаттама жасалады. Бірақ бұл ұзақ мерзімді экологиялық саясатқа әсер етпейді, қала әлі де PM2.5 деңгейі бойынша әлемдегі ең лас қалалардың қатарында.

Қандай шешім қажет?
Еліміздің экология және құқық саласы мамандарының, халықаралық тәжірибе бойынша OECD сарапшыларының, әлбетте біздің де ойымызша айыппұлмен шектелудің жеткіліксіз екенін мына себептермен байланыстырамыз. Ең алдымен, міндетті экологиялық аудит енгізу мәселесі. Кәсіпорындар айыппұл төлеумен емес, тәуекелді басқарумен жұмыс істегені маңыз-

ды. Ал, екіншіден, қайта қалпына келтіру міндетін нақтылау қажеттілігі. Мысалы, ЕО елдерінде кәсіпорын табиғатқа зиян келтірсе, айыппұлдан бөлек, өз есебінен жерді қалпына келтіреді, су айдындарын тазалайды, биоәртүрлілікті қалпына келтіру шараларын орындайды. Қазақстанда бұл тетік жұмыс істемейді. Маңызды шаралардың тағы бірі ол қылмыстық жауапкершілікті күшейту. ҚР Қылмыстық кодексінің 333-337-баптары экологиялық қылмыстарды қарастырады. Бірақ іс жүзінде олардың көпшілігі әкімшілік жаза деңгейінен аспайды. Сол сияқты, экологиялық мониторингті толық цифрландыру да қажеттілік. Қазір көптеген өңірде мониторинг әлі де қағаз форматында қалып отыр. Қазақстанға ауадай қажеті ол автоматтандырылған датчиктер, онлайн ашық эконопорталдар, халыққа қолжетімді шынайы деректер. Осы орайда, тәртіптік және корпоративтік жауапкершілікті күшейту де ерекше маңызды. Айыппұл кәсіпорынға салынады, бірақ нақты ластауға жол берген инженер, эколог, цех бастығына жеке жауапкершілік те жүктелуі керек, деп санаймыз.

Ой тұжырымдай келе, айыппұл салу – экологиялық құқық бұзушылықтармен күрестің бір ғана тетігі дегенге келеміз. Иә, айыппұл маңызды, бірақ ол экономикалық қысым жасайды, заң бұзушыны «ойландырады». Дегенмен, айыппұл – құқық бұзушылықтың салдарына берілетін жауап, ал экология – алдын алуды қажет ететін сала. Егер біз тек айыппұлмен шектелсек, онда табиғатқа келген зиянның орны толмайды, құқықбұзушылықтың қайталануы жалғасады, түптеп келгенде экологиялық мәдениет те қалыптаспайды.

Қазақстан үшін тиімді жол – айыппұлды комплексті экологиялық саясатпен ұштастыру, яғни аудитті, қалпына келтіру міндеттерін, цифрландырылған мониторингті, қылмыстық жауапкершілікті және қоғамның белсенді қатысуын шынайы қамтамасыз ету.

Табиғатты қорғау – тек жазалау емес, жүйелі басқару, деп білеміз.

Гүлбақыт ОСПАН, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті Құқық және халықаралық қатынастар факультетінің, құқықтану кафедрасында қауымдастырылған профессоры (доцент), PhD докторы

КАССАЦИЯ

БАСТАМАНЫҢ НӘТИЖЕСІН КӨРЕР КҮН ЖАҚЫН

Кассациялық соттарды құру бастамасы құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам. Бұл бастама сот төрелігін іске асырудың тиімділігі мен сапасын арттыруға, азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге және олардың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға бағытталған қадам. Жаңа кассациялық соттарды құру бойынша жасалған қадамдарды халық аса қызығушылықпен бақылап отыр.



Ж.АРИНОВ,
Өскемен қаласы
мамандандырылған
ауданаралық
тергеу сотының судьясы

Осы орайда елімізде биыл 1 шілдеден бастап кассациялық соттар өз жұмысын бастады.

Астана қаласында құрылған үш кассациялық сот азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істерді қарайды. Кассациялық сот төменгі соттардың қателіктерін түзетуге және біркелкі сот тәжірибесін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл соттар енді «үздіксіз» немесе «жаппай қарайтын» кассация қағидаты бойынша жұмыс істейді.

ҚЫЗМЕТ

СОТ ОРГАНДАРЫНАН ШЫҒАТЫН РЕСМИ ҚҰЖАТТАРҒА АПОСТИЛЬ ҚОЮ РЕТІ

Апостиль – құжаттың заңдылығы туралы мәліметтерді толтырудың осындай заңдастыру нысанын танитын елдің аумағында ұсыну үшін халықаралық стандартталған нысан. «Апостиль» мөртаңбасы құжаттардың түпнұсқалары мен нотариалды куәландырылған көшірмелеріне қойылады.

Апостиль құжаттарды басқаша растау немесе заңдастыру талап етпейді және конвенцияның барлық қатысушы-мемлекеттерінің органдарымен ресми түрде танылады. Егер құжатты заңдастырудың жоятын немесе қысқартатын құқықтық негіздері болса, онда апостиль пайдаланылмайды.

Апостиль қою рәсімі – халық үшін көрсетілетін қызмет, осы қызметті www.egov.kz «Электрондық үкіметтің» веб-порталы мен коммерциялық емес акционерлік қоғам «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімшелерінен алуға болады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағаз түрінде көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы түрде көрсетіледі. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін ҚР Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) кодекске сәйкес, 0,5 айлық есептік көрсеткіш ретінде әрбір апостиль қойылатын құжат үшін мемлекеттік баж салығы ұсталынады (2025 жылы – 1966 теңге).

Мемлекеттік баж салығы екінші деңгейдегі банк арқылы, ал, сонымен қатар «электрондық үкімет» төлем шлюзі арқылы төленеді.

Бенефициар: «Павлодар қаласы бойынша Мемлекеттік табыстар басқармасы» РММ.

БСН: 980940001220
БЖК: 108125
K224070105KSN0000000
Алушы Банк: «ҚР ҚМ Қазына-шылық комитеті» ММ
ТМК: 911

Мұндай өзгешелік Конституцияда бекітілген азаматтардың құқығы мен бостандығын сапалы қорғау принципімен үндес, сондай-ақ, заң мен сот алдында азаматтардың бәрі тең бағдарымен толық сәйкес келеді. Кассациялық соттарда істерді кемінде 3 судьядан тұратын алқалы құрамның қарауы да азаматтардың әділдік пен туралыққа деген сенімін нығайтады.

Кассациялық соттардың алдына қойылған міндеттер ауқымды. Біріншіден, бұл сот істер мен материалдарды кассациялық сот ретінде қарайды. Екіншіден, сот практикасын зерделеп, жалпылау қорытындылары бойынша төменгі тұрған сот сатыларының төрелік ету кезінде заңдылықты сақтау мәселелерін қарайды. Үшіншіден, судьялардың мамандануы және іс жүргізу механизмін оңтайландыру сот шешімдерінің сапасын жақсартады.

Бұл реформа сот төрелігінің ашықтығын, әділдігін және қолжетімділігін қамтамасыз етіп қоймай, елдің құқықтық жүйесінің жалпы деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Сот жүйесіне енгізілген өзгерістер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтеді, заңның үстемдігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ ЖАҒДАЙ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Заң және тәртіп» қағидаты аясында Сарыарқа ауданы әкімдігінде Астананың Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің ұйымдастыруымен «Омбудсмен+» моделіндегі Ұлттық превентивтік механизмге арналған дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға Ұлттық превентивтік механизмнің, құқық қорғау органдарының, жергілікті атқарушы және басқа

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ БАСТЫ НАЗАРДА

Алматы қаласының экология инспекторлары полиция департаментінің қызметкерлерімен бірлесіп, атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында қоқыс шығаратын арнайы техниканың шығарындылар нормативіне сәйкестігін тексерді. Бұл туралы қаланың Экология және қоршаған орта басқармасының

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ХАБҚА АЙНАЛАДЫ

Алматы облысында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі бойында және Құлжа тасжолына жақын орналасқан жаңа Еуразиялық индустриалды-логистикалық парк ашылды. Нысан өңірдің «Шығыс қақпасы» инфрақұрылымдық аймағына кіріп, Алматы мен облыстың кеңістіктік дамуындағы маңызды логистикалық хабқа айналмақ.

ГАЗДАНДЫРУ ТОЛЫҚ ҚАРҚЫНМЕН ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Жетісу облысы Ақсу ауданында өңірлік газдандыру схемасына сәйкес газдандыруға жататын 31 елді мекенді газдандыру жұмыстары келесі жылы басталады. Құрылыс жұмыстары 2006–2017 жылдары жүргізіледі. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаев аудан тұрғындарымен кездесуі барысында айтты.

ЖАҢА АМБУЛАТОРИЯ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Ерейментау ауданының Торғай ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Денсаулық сақтау нысаны «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында салынған және Торғай, Төменгі Торғай, Балықты, Қарағайлы, Жаңа-Жол және Қызылту ауылдарының тұрғындарына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетеді. Амбулатория шамамен 1,3 мың адамды

қамтиды. Мұнда 11 маман жұмыс істейді, оның 8-і – медицина қызметкерлері.

Жұмыс сапары барысында Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов жаңа амбулаторияның жұмысымен танысты.

А.АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

САЛАУАТТЫ ӨМІР

АРТЫҚ САЛМАҚ АУРУ ЖАМАЙДЫ

Артық салмақ созылмалы аурудың, соның ішінде қант диабеті, гипертония, метаболикалық бұзылулар және жүрек-тамыр ауруларының маңызды факторына айналуы мүмкін. Сондықтан балаңызды дұрыс тамақтанып, спортпен шұғылданып, үнемі қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландырыңыз.

Салауатты әдеттер үйден басталады. Семіздіктің алдын алуда отбасы басты рөл атқарады. Балалар ересектердің мінез-құлқына, әдеттеріне, тағамға деген көзқарасына, дене белсенділігіне еліктейді. Егер ата-аналар пайдалы тағамдарды таңдаса, дене шынықтырумен айналысса, серуендеуге және жаттығуға барса, балалар мұны табиғи норма ретінде қабылдайды.

Жаттығу мен дұрыс тамақтануды отбасыңыздың күнделікті жұмысының бір бөлігіне айналдырыңыз. Тамақты бірге пісіріңіз, жаңа рецептерді қолданып көріңіз және жемістер мен көкөністерге қызығушылықты оятыңыз. Тіпті таңғы асты бірге дайындау балаңыздың

өз денсаулығына жауапкершілікті сезінуіне көмектеседі.

Тамақтану және салмақ туралы әңгіменің сынға айналмауы өте маңызды. Шамадан тыс сын балада алаңдаушылық пен сенімсіздікті тудыруы мүмкін, бұл көбінесе артық тамақтануға әкеледі. Отбасымен бірге тамақтануға тырысыңыз. Зерттеулер ата-анасымен бірге түскі немесе кешкі асты үнемі ішетін балалардың артық салмағы аз болатынын көрсетеді. Мұндай тағамдар эмоционалдық байланыстарды нығайтады және олардың тағамындағы ингредиенттері мен мөлшерлерін бақылауға мүмкіндік береді. Теледидар алдында тамақ ішуден аулақ болыңыз және қантты сусындарды шектеңіз. Оның орнына суды немесе майы аз

сүтті ұсыныңыз. Қазіргі балалар телефон, планшет, компьютер сияқты экрандардың алдында көбірек уақыт өткізеді. Бұл да салмақ қосудың негізгі себебінің бірі.

Ұйқының маңыздылығын ұмытпау қажет. Ұйқының болмауы тәбет пен зат алмасуға жауапты гормондарға әсер етіп, салмақтың артуына ықпал етеді. Балаңыздың түнде кем дегенде 9-10 сағат ұйықтайтынына көз жеткізіңіз.

Семіздіктің алдын алу – қатаң диетқа ғана емес, көңіл бөлуге, салауатты өмір салтын сақтауға тікелей байланысты.

Алматы қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Quattro Sys» ЖШС (БСН 140740014944) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі, 546-үй, 14-пәтер, тел 87089437523.

3. «DARYN-DEKING KZ» ЖШС (БСН 250240020557) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: тел. 87023058055, ҚР, Алматы облысы, Талғар ауданы, Қайнар ауылы, Талғар-прогресс бау-бақша серіктестігі, 5-линия көшесі, 17-үй.

4. «Jasyl Jastar»Тұтыну кооперативі (БСН 230240026919) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Деркул ауылы, Сарыарқа шағын ауданы, Байбарақ батыр көшесі, 8-үй.

6. Алматы облысы бойынша «Қазақстандық спортшылар одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалы (БСН 221241014387) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Қонаев қаласы, Демалыс Аллеясы, ғимарат 2А.

7. «639 Солюшнс» ЖШС (БСН 220340014263) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Т. Шевченко көшесі, 4/1, т.е., 17, 507-кеңсе. Тел. 8 (7172) 98-71-49.

8. «Ақтобе Жер Қурылыс» ЖШС (БСН 250840004291) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Маресьев көшесі, 103-үй.

12. «Ай-Төре» бөбекжай балабақшасы» ЖШС (БСН 210540015386) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке ауылдық округі, Байсерке ауылы, Уәлиханов көшесі, 64-үй. Тел. 8 708 900 70 71.

20. «Элмар» ЖШС (БСН 230840002180) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Маресьев көшесі, 105-үй, 2 қабат, тел.: 87775141503.

21. «Дайк-Сервис» ЖШС (БСН 090240003473) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Мыңбаев көшесі 47 Б, тел.: +77052672533.

22. «RENT-K» ЖШС (БСН 090240003463) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Мыңбаев көшесі 47 Б, тел.: +77052672533.

ӨРТУРЛІ

13. «VitaPharmQZ» ЖШС-і (БСН 160540005082) «Сапфир-2021» ЖШС-іне (БСН 210940041409) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 4-ғимарат, 308-кеңсе. Тел.: +7 707 473 91 46.

14. «Сапфир-2021» ЖШС-і (БСН 210940041409) , «VitaPharmQZ» ЖШС-іне (БСН 160540005082) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Степной-3 шағын ауд., 3Б-ғимарат. Тел.: +7 707 473 91 46.

15. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (ААО) ұйғарымымен, мекенжайы: Астана қаласы, Абай даңғылы, 36, 04.12.2025 ж., «Astana MPR project» ЖШС-не (БСН 170440012605) оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды.

16. 2.12.2025 жылғы № 91 (3819) «Заң газеті» қоғамдық-саяси және құқықтық газетінде жарияланған № 10 хабарландыру жарамсыз деп танылсын. «Agro Integra» ЖШС (БСН 230840021890) (занды мекенжайы: ҚР, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Капитоновка ауылдық округі, Капитоновка ауылы, Достық көшесі, 50 үй, индекс 020505) атқарушы органы «Agro Integra» ЖШС-нің 4.12.2025 жылғы шешімі негізінде өзінің барлық кредиторларын хабардар етеді.

17. 2.12.2025 жылғы № 91 (3819) «Заң газеті» қоғамдық-саяси және құқықтық газетінде жарияланған № 11 хабарландыру жарамсыз деп танылсын. «УРУМКАЙ» ЖШС (БСН 151140004454) (занды мекенжайы: ҚР, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Ұрімқай ауылдық округі, Ұрімқай ауылы, Спутник көшесі, 7-үй, 1-пәтер, индекс 021725) атқарушы органы «УРУМКАЙ» ЖШС-нің 4.12.2025 жылғы шешімі негізінде өзінің барлық кредиторларын хабардар етеді.

18. «Agro Integra» ЖШС (БСН 230840021890) (занды мекенжайы: ҚР, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Капитоновка ауылдық округі, Капитоновка ауылы, Достық көшесі, 50-үй, пошта индексі 020505) атқарушы органы 08.12.2025ж. жалғыз қатысушы қосу арқылы қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдағаны жайлы өзінің барлық кредиторларына хабарлайды. «УРУМКАЙ» ЖШС (БСН 151140004454) (занды мекенжайы: ҚР, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Ұрымқай ауылдық округі, Ұрымқай ауылы, Спутник көшесі, 7-үй, 1-пәтер, пошта индексі 021725).

Кредиторлар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде қосымша кепілдіктерді не міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуды немесе орындауды және залалдарды өтеуді талап етуге құқылы. Талаптар заңды мекенжай бойынша жазбаша нысанда жіберіледі, ал олардың көшірмелері серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға ұсынылуы мүмкін.

19. «УРУМКАЙ» ЖШС (БСН 151140004454) (занды мекенжайы: ҚР, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Ұрымқай ауылдық округі, Ұрымқай ауылы, Спутник көшесі, 7-үй, 1-пәтер, индекс 021725) 08.12.2025ж. жалғыз қатысушы қосылу жолымен қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдағаны туралы өзінің барлық кредиторларына хабарлайды «Agro Integra» ЖШС (БСН 230840021890) (занды мекенжайы: ҚР, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Капитоновка ауылдық округі, Капитоновка ауылы, Достықкөшес, 50-үй, индекс 020505).

Кредиторлар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде қосымша кепілдіктерді не міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуды немесе орындауды және залалдарды өтеуді талап етуге құқылы. Талаптар заңды мекенжай бойынша жазбаша нысанда жіберіледі, ал олардың көшірмелері серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға ұсынылуы мүмкін.

ЖОҒАЛТУ

5. Алматы облысы бойынша «Казахстанский союз спортсменов» республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалының (БСН 221241014387) жоғалған Жарғысының түпнұсқасы жарамсыз деп есептелсін.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 Фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева». Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Өуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

САҚТАНСАҢ САҚТАЙДЫ!

Облыс әкімі Берік Уәли Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Манарбек Шапағатовпен бірге жедел құтқару жасағының патрульдік катерімен Ертіс өзені бойымен Семей қаласындағы су тасқыны қаупі бар учаскелерді бақылады.

СУ ТАСҚЫНЫ ҚАУПІ БАР АЙМАҚТАР БАҚЫЛАУДА

Аралау барысында алдағы жылдары жағалауды бекіту жұмыстары жоспарланған аумақтар (Бейбітшілік аралының маңы мен Бобровка ықшам ауданына жақын жерлер), шомылу маусымында халық жиналатын жабдықталмаған суға түсу орындары және ресми түрде жабдықталған жағажайлардың жағдайы назарға алынды.

Манарбек Шапағатов аймақ басшысына су айдындарындағы қазіргі жағдай, халықтың рұқсат

етілмеген жерлерде шомылу фактілері, су тасқыны қаупі бар проблемалық учаскелер және жағажайларды ретке келтіру мен қауіпті аймақтардағы тәуекелдерді азайту бойынша қажетті шаралар туралы баяндады.

Облыс әкімі мониторингті күшейту және су тасқыны кезеңіне уақытылы дайындалу жөнінде тапсырмалар берді.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
АБАЙ ОБЛЫСЫ

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

МҰРАГЕРЛІК

10. 2025 жылы 17 қарашада қайтыс болған Махбертов Сырғабай Құлмаханұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

11. 2025 жылы 22 маусымда қайтыс болған Исмаил Бержан Беркінұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

БАНКРОТТЫҚ

9. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 4 желтоқсандағы ұйғарымымен «New construction» ЖШС-ін (БСН 040740004440) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:

zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media pagekz»ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы,Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (7774)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы,Койкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

ДЕТЕКТИВ – КҮРМЕУІ ҚИЫН, КҮРДЕЛІ ЖАНР

Заман ағымының құйынды желіне төтеп бере алмай тұралап, объективті және субъективті себептерге байланысты басынан дау-дамай арылмаған Қазақстан Жазушылар одағы 2023 жылдан бері жаңару және түлеу жолына түсіп отыр. Әрине, қасиетті қаламды қару еткен жазушылар қауымы үшін мұндай түпкілікті өзгеріс – жаңаша, соны леп – олардың шығармашылық еңбектері үшін айқын, сенімді және жемісті жол болмақ. Жазушылар одағы үш жаңа жобаны іске асырып отыр. Соның бірі – Жазушылар одағы жанынан құрылған Детектив жанры Кеңесі.

Республикамыздың әр аймағындағы детектив жанрына қалам тартып жүрген жиырмаға жуық жазушы осы жанр Кеңесінің мүшелері. Кеңесті танымал детектив жазушысы, Қазақстан Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің доғарыстағы полковнигі Темірболат Ахметов басқарады. Биыл кеңес мүшелері екі рет Жазушылар одағында бас қосып, кеңесіп, ақылдасып, тәжірибе бөлістік. Осы қиын да күрделі жанрға түрен салып жүрген жазушы-журналист Зияш Телеуованың шығармашылығы көптен бері

– Зияш ханым, детектив жанрында өнімді еңбек етіп келе жатқан қаламгерсіз. Бұл жанрды тандауыңызға не себеп болды? Әлде бұл мамандығыңызбен байланысты ма?

– Мамандығым – ұстаз. Оралдағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтқа түсіп тұрғанымда, облыстық газетке тілшілік қызметке шақырылдым. Ол кезде әйел журналистер аз болғандықтан, редактордың қолқа салуын қабыл алып, сырттай оқуға мәжбүр болдым. Сонымен, өмір бойы облыстық, республикалық және құқықтық басылымдарда еңбек еттім. Арасында аудармашы болып, жұмыс жасадым. Осы әр тараптық шығармашылық еңбектер детектив жанрына қалам тартуда пайдасы тиді. Ал өмірлік серігім, саналы ғұмырын құқық қорғау саласына жұмсап, подполковник дәрежесінде зейнет демалысына шыққан – Өмірғали Телеуовтың Ішкі істер министрлігінің оперативтік лауазымдарында қызмет етуі де желісі қылмыстық оқиғаларға тірелетін детектив жанрына қызығушылығымды туғызды.

– Алғаш жазған еңбегіңіз балаларға арналған екен. Ол ой не себептен, қалай туындады?

– Бірде қызметтен шыққан соң, кітап дүкеніне кірсем, бір топ қазақ балаларының мұқабасы көз тартатын кітап толы сөрелерге қызыға қарап: «Біздің жазушылар осындай кітаптарды неге жазбайды екен? Мыналар орысша, біз түсінбейміз ғой», – дегендерін құлағым шалды. Соны естіген соң маған: «шынымен, біз неге жазбаймыз, шетел жазушыларының миы біздікінен артық емес шығар» деген ой келді. Сол ойдың жетегімен жергілікті «Эврика» газетін оқып отырып, пәтерін тартып алу үшін алаяқтардың бір қарияны бопсалағаны туралы мақаланы

оқыдым. Міне, соның желісімен балаларға арналған алғашқы «АБКА тобы ашқан қылмыс» атты кітабымды жазып бітіріп, оны арқалап Алматыға аттандым. Басылымдарды жағалай жүріп, қолдағы еңбегімді ұсынсам, барлығы қаржыға тіреледі екен. Көшеде қаңғалақтап келе жатып, маңдайшасына «Жеті Жарғы» деп жазылған ғимаратқа көзім түсіп, ішіне кірдім. Директоры әйел адам екен. Мені мұқият тыңдап, флешкімді алып қалды. Ол келесі күні «сіздің кітабыңызды басып береміз» дегенде, қуанышым қойныма сыймай, жылап жібердім. Кітап екі мың данамен шығып, тез тарап кетті...

– Иә, Зияш ханым, сіздің ең бірінші кітабыңыз балаларға арналғанымен, жалпы оқырмандарға арнаған детективтеріңіз солардың салмағын басып кеткен тәрізді.

– Дұрыс айтасыз, менің балаларға арналған кітаптарым ол кезде, қазіргіше айтқанда, «хит» болды десем асыра айтқандық емес. Сұраныс көп болды. Артынша, 2013 жылы «Жазушы» баспасынан мемлекеттік тапсырыспен шыққан екі

қызықтырып жүр еді. «ЗАҢ» медиа-корпорациясы» 2018 жылдан бері ұйымдастырып келе жатқан детектив шығармалар байқауында әріптесіміздің «Тергеуші» деп аталатын шытырман туындысы биыл жүлдеге лайық деп танылған еді.

Өз басым кейінгі жылдары детектив жанры тақырыбына қалам тартып жүргендіктен, осы күрделі жанрға тәуекел етіп, бірнеше кітабын шығарып жүрген бірқатар қаламгердің еңбегін елеп, пікір жазып жүрген әдебиет танушыларды, сыншыларды кездестірмедім. Оның бір себебі – жанрдың әдебиетімізге кенжелеп келуінен болса, екінші себебі – Еуропаға танымал болғанмен, біз үшін қыры мен сырының, тілі мен стилінің әлі де болса жұмбақтығында болса керек.

Дегенмен, бірқатар заманауи жазушыларымыз осындай көзқарасқа қармастан, оқырмандар жүрегіне жол тауып, олардың сүйіспеншілігіне бөленіп тәуір дүниелер жазып жүр... Бұл жанкештілікке бас иіюіміз керек. Зияш Телеуовамен болған әңгімеміз де қазақ детективінің бүгінгі мен болашағына арналды.

романым – «Банкирдің өлімі» мен «Махаббаттың ажалы» таразы басып кетті ме, балаларға көңіл бөле алмай қалдым. Алайда, кішкентай оқырмандарымды біржолата ұмытқан жоқпын, «Құлаған үйдің құпиясы» деген шытырман оқиғаға толы кітабым «Фолиант» баспасынан 2019 жылы 5000 данамен шықты. Шынында, нарықтық заманда бұл кітаптың бестселлер дәрежесінде көп тиражбен шығуы балалар үшін де, мен үшін де сәттілік еді. 2023 жылы «Балалар әдебиеті» баспасынан «Көл жағалауындағы көмбе» атты кітабым да мол тиражбен жарық көрді.

– Екі бағытта жазу сізге қиын емес пе?

– Әрине, қиын. Бірақ жасөспірімдердің шытырман оқиғаға деген қызығушылығы мен сұранысы мені бейтарап қалдыра алмайды. Қазір де бір кітапты соларға арнап жазып жатқан жөйім бар.

– Осы кезге дейін шығарған кітаптарыңыздың ішінде өзіңізге ең қатты ұнайтыны бар ма, болса қай кітап?

– Қазақта: «Іштен шыққан шұбар



жылан» деген тәмсіл бар ғой, бәрін де бөтен көрмеймін. Дегенмен, «Дәуір» баспасынан 2021 жылы шыққан «Тірі өлік» деп аталатын кітабымның басқалардан шоқтығы биік сияқты. Ол кітап 2023 жылы жыл қорытындысында, белгілі журналист, талантты жазушы Мағира Қожахметованың жылы лебізіне ие болды. Ол баға маған ғана емес, әдебиетке сығалап, сыналап еніп келе жатқан жаңа жанрға берілген оң баға десем артық айтқандық болмас.

– Зияш, әлгінде аударма саласы туралы айтып қалдыңыз.

– Иә, аударманы шығару үшін емес, өзім үйрену үшін аударатынымын. Дегенмен, аударманың шығармашылық адамына пайдасы орасан. Агата Кристидің «Жеті цифрблат құпиясы» кітабын аудардым, шынымды айтсам, ол кітап орысшаға жеңіл-желпі аударылған, өзіме ұнамады. Бұл кітап та «Фолиант» баспасынан шықты. Алайда, кітап жастардың тілімен сөйлеген, сол ғасырдың «алтын жастарына» арналған екен. Қазіргі біздегі бай балаларының өміріне өте ұқсас, сол үшін қызықтым. Оқырмандар жақ-

сы қабылдады. Одан соң, Агатаның «Ночная тьма», «Түн түнегі» романын аудардым. Ол архивімде. Жорж Сименонның «Комиссар Мегрэнің ұрысын» аударсам, менен бұрын аударылып қойыпты. Негізінен аударманың шығу немесе шықпауы маңызды емес, аударма жазушыға көп нәрсе үйретеді.

– Сіз заманауи жазушы ретінде әдебиетімізге тың ізденіс, соны жаңалық әкелу арқылы ерекше көріндіңіз...

– Біздің әдебиетте детектив жазудың өзі жаңалық болса, мен сериалды кітаптар шығарудың үлгісін жасадым. Менің кейіпкерлерім келесі оқиғаларда жалғасып отырады. Мұны біздің әдебиеттегі үлкен жаңалық деуге болатын шығар.

– Біраз кітап шығарыпсыз. Еңбегіңіз бағаланып келе ме?

– Меніңше, жазушының еңбегі – ішіндегісін сыртқа шығарып, соған көңілі толып рахаттанып отырғанда, бір өтеледі. Кітабы оқырманын тапқанда, екінші рет өтеледі. Ал өзегіңді жарып шыққан дүниеңе өтемақы сұрағандай, омырауыңа тағатын орден мен медаль дәмету пендешілік қой. Менде де сол пендешілік бар шығар. Біреулер алып жатады. Көзің болған соң көресің. Бірақ, соған оншалықты қызықпаймын. Қызыл-жасыл дүние кімнен болса да қалып жатқан соң ба екен. Жалпы дымым жоқ деп ауызды күшөппен сүртуге болмас. Бұйырғанын алып жатырмыз...

– Мазмұнды әңгімеңізге рақмет!

Ғабдул – Сәбит Юсупов, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Кемел Тоқаев атындағы детектив жанры байқауларының бірнеше дүркін жүлдегері

БІЛГЕН ЖӨН

Бүгінде темекі, алкоголь және есірткі – жалпы психоактивті заттарды қолданатын жасөспірімдер саны артып келеді. Бұл қызығушылыққа ғана емес, ересектер назарының, қолдауының және сенімінің болмауына байланысты.

Оған қызығу – жаңа сезімдерді сезінуге ұмтылу, құрдастардың немесе беделді ақсақалдардың ықпалы, отбасында темекі шегу немесе ішімдік ішу болса, ата-ананың үлгісі, бақылау мен қысымға қарсы көтеріліс, жұмыссыздық, зерігу, бос жүріс түрткі болуы

ЖАСТАР НЕГЕ ПСИХОАКТИВТІК ЗАТТАРДЫ ҚОЛДАНУҒА ҚҰМАР?

мүмкін. Кейде сырттай жағдайы жақсы көрінген жасөспірімнің іштей жалғыздықты сезінетін кезі болады. Сондықтан ата-ана бала өміріне белсенді қатысуы керек. Қарапайым, бірақ тиімді ережелер баланы теріс қылықтан қорғауға көмектеседі. Соның ішінде баланы қиналған сәтінде жалғыз қалдырмау маңызды. Ұл-қызыңызды тыңдай біліңіз. Қорықпай сөйлеуге мүмкіндік беріңіз. Баланы түсінуге, әлемді жасөспірімнің көзімен көруге тырысқан жөн. Бірге уақыт өткізу, достарын, әлеуметтік ортасын білудің пайдасы зор. Баланы біреумен салыстыруға болмайды. Одан гөрі балаға өзіңіздің жақсы әрекетіңізбен үлгі көрсетіңіз. Жасөспірімнің есірткі қолданатынын

анықтау оңай емес. Дегенмен, ескерту белгілері бар. Мәселен, бетінің бозаруы немесе қызаруы, көрудің нашарлауы, қарашықтың тарылуы немесе кеңеюі, тәбетінің төмендеуі, кенеттен салмақ жоғалуы, тұрақсыз жүру, жөтел, іштің ауырсынуына жиі шағымдар орын алады. Мінез-құлқында да өзгеріс пайда болады. Соның ішінде ашушандық, салғырттық, үйден кету, кенет көңіл-күйдің өзгеруі, ұйқының бұзылуы, сабақтан қалу, түсіндірместен ақша сұрау, өтірік айту, оқшаулану. Жіті қараған жағдайда денеде инъекция іздері, күйе қасықтар, фольга, флакондар, күдікті капсулалар немесе дәрілік қаптамалар, темекі мен химиялық заттардың иісі, тәртіпсіз

көрініс байқалары анық. Десек те бір симптом тәуелділікті көрсетпейді, бірақ өзгерістердің комбинациясы назар аударуды және мұқият сөйлесуді талап етеді.

Бастысы сол жерде, сол кезде әрдайым қасында болу. Ең бастысы сүйіспеншілік пен қолдауды сезінетін бала қауіпті эксперименттерден жұбаныш іздемейді. Әрқашан балаңыздың қасынан табылыңыз, қамқорлық, сенім білдіріңіз және жауапты мінез-құлық үлгісін көрсетіңіз. Жасөспірімдердің салауатты болашағы үйден – сыйластықтан, қарым-қатынастан және мейірімділіктен басталады.

Алматы қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 8775733565
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6052 дана
Апталық таралым 12104 дана

Тапсырыс №186 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электрондық нұсқасын **Zanmedia.kz** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31